

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

“БІЛІМ мен ТӘРБИЕНІ БІР-БІРІНЕН БӨЛІП ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ”

Сарқылмасын Сыр - Ана!



БІЛІМ БЕРУГЕ МЕКТЕП ДАЙЫН БА?

Өткен оқу жылында мектептерде 184 924 оқушы білім мен тәрбие алды. Жаңа оқу жылы қарсаңында Арал ауданының Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектеп, Қызылорда қаласының Арай мөлтек ауданындағы 1500 орындық мектеп, Қызылжарма мөлтек ауданындағы 600 орындық мектеп, Қызылорда қаласының СПМК-70 шағын ауданында 1500 орындық “Келешек” мектебі пайдалануға беріледі.

Биылғы жылы 6 мектепке 2,2 млрд. теңге қаржыға Қызылорда қаласындағы №9, №15, Аралдағы №14, Қазалыдағы №234, Сырдариядағы №137, Шиелідегі №219 мектептерде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Күрделі жөндеуден бөлек 56 мектепке 1,6 млрд. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде Арал ауданынан 5, Қазалыдан 8, Қармақшыдан 8, Жалағаштан 9, Сырдариядан 7, Жаңақорғаннан 2, Қызылорда қаласынан 17 мектеп бар.

Жұмыс түрлері бойынша спорт алаңдары мен спорт залдарының ағымдағы жөндеуіне 37 мектепке 668,3 млн. теңге, 3 мектептің жылу жүйесін жаңалауға 25,9 млн. теңге, 4 мектептің шатырын жөндеуге 97,9 млн. теңге, 5 мектептің көріз жүйесін жөндеуге 24,2 млн. теңге, гимаратты әрлеу,сылау және фасадын қаптау бойынша 35 мектепке 792,4 млн. теңге бөлінген.

Барлық білім беру ұйымдары толықтай қауіпсіздік жүйелерімен қамтылған.

Қала, аудан орталықтарындағы білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйелері жедел басқару орталығына қосылған.

Ағымдағы жылы көмекке мұқтаж отбасыларынан шыққан 43 726 бала, оның ішінде 41 716 бала мемлекеттік мектептерде, 2010 бала

- Ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап Қызылорда қаласындағы 206 балабақша, оның ішінде 28 мемлекеттік, 3 шағын орталық, 175 жекеменшік балабақша ваучерлік қаржыландыруға көшірілген. 2 370 балаға ваучер берілген.
- Қазіргі таңда Қызылорда қаласында 2 – 6 жас аралығында 2 660 бала балабақша кезегінде тұр. Бұл балалар алдағы уақытта балабақшамен қамтылатын болады.
- Аудан орталықтары мен елді-мекендердегі мектепке дейінгі ұйымдар ваучерлік қаржыландыруға ағымдағы жылдың желтоқсан айында көшірілетін болады.
- Жаңа оқу жылында 1-11 сыныптағы оқушылар саны 189 288-ді құрап, өткен оқу жылымен салыстырғанда 4 364 балаға артық.
- Биылғы жылы 1 сыныпқа 17 423 бала қабылданады.
- Құжат қабылдау жұмыстары ағымдағы жылдың 31 тамызына дейін жалғасады.
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы №174 бұйрығына сәйкес, сабақ процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен басталады.
- 1-ші қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты шара мектеп қабырғасында «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында 1 және 11 сынып оқушылары, ата-аналар мен мектеп әкімшілігінің қатысуымен өтеді.

жеке мектептерде, алғашқы есеп бойынша Қызылорда қаласынан 1 600, Жаңақорғаннан 273, Шиеліден 137 бала есепке алынған. Мектептердегі бір балаға бір реттік қаржылай көмек мөлшері 46 228 теңге болып отыр.

2025 жылы міндетті оқу қорына 5,7 млрд. теңге қаралып, оның ішінде мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы жекеменшік санаттағы оқушыларға қаржылай және материалдық көмек беру үшін 1,8 млрд. теңгеге көмек көрсетіледі.

Облыста 300 мемлекеттік мектепте, оның ішінде 8 мектеп-интернаттарды қосқанда ыстық тамақ ұйымдастырылады. Асханасы жоқ Шиелі ауданындағы № 151 мектепте буфеттік тамақтану ұйымдастырылады.

2025 жылы ыстық тамақпен қамтуға жергілікті бюджеттен 9 млрд. 312 млн. теңге бөлінді.

2024 - 2025 оқу жылында тегін тамақпен 88 168 бала қамтылуда, оның 63 256-ы бастауыш сынып оқушылары, 5 - 11 сынып аралығындағы әлеуметтік осал топтан 24 912 оқушы бар.

Орташа тамақтану құны 620 теңге болып отыр. Мектептерде тамақтандыруды 61 кәсіпкер жүзеге асырады.

Облыста оқушы мен қызметкер саны 700-ден асатын және қала, аудан орталығында орналасқан 129 мектепке аппараттық-бағдарламалық кешен (АБК) орнатылған.

АБК орнатылған 129 мектепте бір реттік тамақтану әлеуметтік әмиян арқылы ұйымдастырылады.

Оқушы мен қызметкер саны 700-ден аз, ауылдық аймақта орналасқан 163 мектепте тамақтану «Бизнес әмиян»(face id)арқылы жүргізіледі.

Қазіргі таңда АБК орнату және «Әлеуметтік әмиянмен» интеграциялау толықтай орындалған.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша2025 жылдың 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы ұйымдастырылуда.

“БЕСАРЫҚ” АУЫЛЫ АЙМАҒЫНАН ЕСІРТКІ АЛҚАБЫ ТАБЫЛДЫ

«Қарасора-2025» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында ҚР ІІМ және Қызылорда облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының полицейлері заңсыз есірткі өсіру деректерін анықтау бағытында жедел шаралар өткізуде.

Рейд барысында полиция қызметкерлері мен Ұлттық Ұланның «Бүркіт» арнайы жасағы Сырдария ауданы Бесарық ауылының маңынан ірі есірткі алқабын анықтады. Салмағы 58 кг-ға жуық 1156 түп есірткі тәркіленді. Бұдан

бөлек, полицейлермен оқиға орнында жалпы салмағы 1 кг. 610 гр. кептірілген марихуана анықталды.

Оқиға орнында 42 және 33 жастағы облыс тұрғындары ұсталып, қамауға алынды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

«Қарасора-2025» жедел-профилактикалық іс-шарасы басталғалы барлығы 172 есірткі құдық бұзушылықтары анықталды. 959 кг. есірткі тәркіленді. 5 фитозертхана анықталды. Есірткі өсірумен айналысқан 36 адам ұсталды.

БІРІНШІ. Білім сапасын жақсарту түсуі қажет. Қазір ғылым мен білім, технология өте жылдам өзгеріп жатыр. Кеше алған білімнің ертең өзекті болмай қалуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің білікті болуы өте маңызды мәселе. Жоғары оқу орнында алған біліммен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал.

Дамыған мемлекеттерде білім беру саласы ұлттық экономиканың тірегі, қозғаушы күші екені белгілі. Сондай елдердің тәжірибесін зерттеген жөн. Бірақ басқалардың бала оқыту үлгісін құр көшіріп әкеле салуға да болмайды. Озық тәжірибені үйреніп, оны еліміздің болмысына бейімдеу керек.

Жалпы, білім беру стандарттарына, оқыту әдістемесіне, оқулыққа енгізілетін кез келген өзгерісті өте мұқият саралау қажет. Себебі, білім саласында ешқандай қателікке жол беруге болмайды. Бір ғана қателіктің салдары өте ауыр болуы мүмкін

Тағы бір маңызды міндет – қала және ауыл мектебіндегі білім беру деңгейін теңестіру.

Соңғы төрт жылда 4 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңғыртылды. Оның басым көпшілігі – ауыл мектептері. Ауылдағы білім ошақтарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңадан кітапханалар, асханалар мен спорт залдары салынып жатыр. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады.

Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы.

ЕКІНШІ. Білім тәрбиені ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Білім мен тәрбие – кез келген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды.

Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын.

Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ.

«Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі, бұл жол тек тығырыққа тіреді.

ҮШІНШІ. Өскелең ұрпақты әлеуметтік кеселдерден сақтау маңызды. Балалар өмірлік дағдының көбін мектепте меңгереді. Олар мұнда тәртіпке бағынып, жүріп-тұру ережелері мен әдеп нормаларын сақтауды үйренеді. Сондықтан мектеп өзара құрмет пен жанашырлыққа толы үйлесімді қоғамның үлгісі болуға тиіс.

Бұл іске директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мен мектеп психологтерінен бөлек, барша ұстаздар қауымы атсалысуға тиіс. Өйткені, бұл – мемлекеттік маңызы бар міндет.

Мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болуға тиіс. Зорлық-зомбылыққа, әлімжеттікке, яғни, буллингке, қатігездік пен озбырлыққа мүлде жол берілмеуі керек.

Соңғы екі жылда өскелең ұрпақтың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, көмелет жасына толмағандарға қатысты жасалған кез келген зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза қатайды. Бала құқықтары жөніндегі үекілдің құзыреті кеңейді.

Сондай-ақ тағы бір өзекті мәселе. Балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының, яғни, суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Еліміздегі барлық мектепте «111» психологиялық қолдау қызметінің QR-коды орнатылды.

Жаңа оқу жылынан бастап мектептер мен колледждерде әлімжеттікке, буллингке қарсы «Досбол» атты бағдарлама іске қосылады. Негізгі мақсат – балалар мен жеткіншектер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бұл бағыттағы маңызды жұмыс тоқтамайды, жасөспірімдердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі әрдайым мемлекет назарында болады.

ТӨРТІНШІ. Білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні жедел енгізу қажет. Әлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты. Оның басты нышанын инновацияның қарқынды дамуы мен жасанды интеллектінің өмірімізге дендеп енуінен байқауға болады. Сондықтан бүгінде «озық ойлы ұлт» пен «технологиялық ұлт» ұғымдары егіз.

Білім беру мекемелерін тиісті интерактивті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Оқытуға арналған цифрлық платформалар мен электрондық оқулықтар барлық оқушыға қолжетімді болуға тиіс. Бұл ретте оқыту материалдары түгел мұқият сарапталуы керек.

Келесі маңызды міндет. Балаларға жастайынан жасанды интеллект технологиясын оқытқан жөн. Бұл – болашақта жастарымыздың бәсекеге қабілетті озық маман болуына қажетті бірден-бір дағды.

Бұл педагогтерге де қатысты. Мұғалім өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек.

Жалпы, білім беру саласын мүлдем жаңа сапалы деңгейге шығару үшін цифрландыру мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланған жөн. Сіздер тұтас елімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту ісінде алдыңғы шептен табылып, біздің қоғамды нағыз прогрессивті әрі дамыған ұлтқа айналдыруға ерен үлес қосасыздар деп сенемін.

БЕСІНШІ. Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс. Мен сөз басында ұстаздардың өз міндетінен тыс жұмыстардан босатылғанын айттым. Бірақ кейде жергілікті билік өкілдері заң талаптарын өрескел бұзып жатады. Прокуратура органдары мұндай заң бұзушылықтарға тосқауыл қоюы керек.

Сондай-ақ балаларға қатысты кез келген жазатайым жағдай үшін де мұғалімді жазалау орынсыз деп санаймын. Мектептен тыс жерде, ата-аналардың жауапсыздығынан оқыс оқиға болса, оған ұстаз жауапты емес. Алматы облысында түлектер арасында болған қайғылы жағдай үшін директор мен мұғалімдер жауапқа тартылып, жұмыстан шығарылды. Министрлік олардың мүддесін қорғап қалды. Дұрыс. Біз мұндай келеңсіздікке жол бермеуіміз керек.

«Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізу қажет деп санаймын. Мемлекеттің міндеті – мұғалімнің қоғамдағы беделін және мәртебесін мейлінше арттыру.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ БРИФИНГІ - АШЫҚТЫҚ, ЖАРИЯЛЫҚ

Ауыл әкімдері брифингі – ашықтықтың, жариялылықтың озық үлгісі. Брифинг барысында әр ауыл әкімдері өз округтеріндегі халық саны, олардың экономикалық белсенділігі, тұрғындардың жұмыспен қамтылу барысын қамти отырып, ауыл ішінде қай көшенің қаншаға жөнделіп жатқанын, кім жөндеп жатқанын да нақты айтады. Сондай-ақ алдағы уақытта қандай көшелердің жөнделетіндігі, қай көшеге жарық бағаналары орналатындығы, кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы қаржы көздерін, грант, жобалар туралы толық мәлімет берілетіндіктен де ауыл тұрғындары өздерін толғандырып жүрген, үлкен-кіші әкімдер кездесуінде ұсыныс етіп айтқан мәселелерінің қаншалықты шешім тауып жатқанын бағамдай алады. Әрі ауылда біткен іске, алдағы жоспарға қарап, әкімдерінің қабілет-қарымын, іскерлігін де таразылай алады. Осы ретте Қызылорда қаласына қарасты ауыл әкімдерінің брифингін ықшамдап жариялағанды жөн көрдік.

5, 8-беттерде

АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ СПАРТАКИАДАСЫ БАСТАЛДЫ

Қызылорда қаласында «Алтын күз – 2025» ауыл спортшыларының XXXVIII облыстық спартакиадасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бір аптаға жалғасатын дүбірлі додада 1000-ға жуық спортшы 16 спорт түрінен бақ сынайтын болады.

Ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы, еңбек ардагері, ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпанұлы қатысып, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Биыл дәстүрлі «Алтын күз» спартакиадасының ұйымдастырылып келе жатқанына 38 жыл толып отыр. Бұл жарыс ауылдық жердегі талай талантты спортшының шыңдалып, үлкен жетістіктерге жетуіне жол ашты. Алғаш рет Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде өткен бұл дода қазір облыс көлемінде дәстүрге айналып, ауыл-аймақта бұқаралық спорттың дамуына ерекше серпін берді. Ең бастысы жастардың спортқа қызығушылығын арттырып, жігерін шыңдауға ықпал етіп келеді. Бүгінгі жарыста шын мықтылардың топ жарарына сенемін. Баршаңызды берекелі «Алтын күз» мерекесімен құттықтаймын!, – деді облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы.

Өз кезегінде еңбек ардагері Нұрлыбай ақсақал спортшыларға ақ батасын беріп, ізгі тілегін жеткізді.

Шара соңында жас спортшылар таеквондо және көркем гимнастикадан арнайы қойылым ұсынып, соңы талантты өнерпаздардың гала-концертімен жалғасты.



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 18 тамыздағы №10 шешімінің негізінде Қарауылтөбе ауылдық округі А.Иманов көшесі құрылыс №1А, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А. Хангелдин атындағы №179 орта мектебі» КММ орналасқан №232 сайлау учаскесінде дауыс беру сағат 06:00-де басталады және 20.00-де аяқталады.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

КӘСІПКЕРГЕ

Айыппұл салынды

Қармақшы аудандық соты бақылау таңбалары жоқ және өндірушісі белгісіз тауарды сатқаны үшін құқық бұзушы М-ға қатысты ӘКБтК-нің 283 бабы 2 бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарады.

Қармақшы аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының өкілдерімен жоспардан тыс тексеру жүргізу барысында дара кәсіпкер М.-ның дүкенінде бақылау таңбалары жоқ және өндірушісі белгісіз барлығы 5 дана темекі өнімдерінің сақталып, сатылып жатқаны анықталған.

Дара кәсіпкер сотта әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен толық келісетінін, темекі бұйымының бағасы арзан және халықтың ақшасына қарай сұраныста болғандықтан, сатуға дүкенде сақтағанын көрсеткен.

Сот қаулысымен, құқық бұзушылықтың тікелей нысанысы болып табылған барлығы 5 дана темекі өнімдері жойыла отырып, құқық бұзушыға 412 860 теңге айыппұл салынды.

Қармақшы аудандық соты

Алдымен ұстаздың туған жерінен шыққан белгілі тұлғалар мен оның әкесі жайлы қысқаша айта кеткенім жөн болар. Қалаға қарасты қазіргі Қараөзек ауылы – мемлекет және қоғам қайраткері Иса Тоқтыбаев, Темір Камалов, Ыбырайым Тәжиев, медицина ғылымдарының докторы, профессор Оразбек Мырзабеков, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ақмаржан» және тағы басқа да Сыр маржаны сорттарының авторы Әкпар Құрамысов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ұстаз Мәлік Молдахметов, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Болат Теміров, күйші, сазгер, ұстаз Исламбек Ысқақов сияқты тағы басқа зиялы қауым өкілдерінің өмірге келген еңірі.

Киелі Қараөзектің топырағы, Осында ойлы жандар отыр әлі. Бұл жерден зиялылар көптеп шыққан, Елімнің екінші ол Отырары – дер едім. Себебі, бұл – менің де кіндік қаным тамған жер. Бұрынғы «Жаңа арық»

ұжымшарында үлгілі істерімен елдің есінде қалған еңбек майталмандары да көптеп саналады. Солардың бірі Бердіұлы Әбішай ата еді. Кезінде колхозшылар бидай, арпа, сұлы, тары егумен айналысты. Әбішай ұжымшарда су маманы – мұрап болып қызмет атқарды. Бүкіл егістік алқапты суландыру сол кісінің құзырында болды. Ауылдың ортасынан өтетін “Жаңа арық” каналы бойында «Әбішай тоғаны» деген су тоспасы, яғни бөгет беріге дейін бар еді.

1929 жылы Әбішай атаның ұлы Әуесхан сол ауылда ашаршылық деген алапат апат бастау алған кезде өмірге келді. Оның балғын балалық шағы «балдәурен» болмай, 1941-1945 жылдарға Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келді. Ол он жасынан бастап еңбекке ерте араласты. Ересектермен бірге егіс даласында еңбек етті. Сондай қиын-қыстау кездерде жүріп орта мектепті ойдағыдай оқып бітірді. 1948 жылы қаладағы Н. В. Гоголь атындағы пединституттың

ҰЛАҒАТЫ ҰМЫТЫЛМАЙТЫН ҰСТАЗ...

филология факультетіне оқуға түсіп, 1952 жылы қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дәріс беретін білімді маман, мұғалім болып бітіріп шықты. Сол кездегі Оқу министрлігінің жарлығы бойынша ол жолдамамен Қостанай қаласына жіберілген. Ол жақта педагогикалық училищеде бір жыл ұстаз болып қызмет атқарған. Ол жақтан туған елге оралып, Тереңөзек ауданындағы сол кездегі М.И.Калинин атындағы мектепте ұстаздық етеді. 1954 жылы Қараөзек ауылындағы №39 «Қызылөзек» орта мектебінде ұстаздық

Адалдық пен азаматтық – шын ұғым, Сабырлы да салмақтылық – бір ұғым. Сымбатты да сырбаз етіп жаратқан, ЖАРАТУШЫ қазағымның бір ұлын.

Біз ол кезде ойнап жүрген баламыз, Ол кісіні көрсек тоқтай қаламыз. Келбетті АҒА кербез басып аяғын, Келетін-ді бізге Әуесхан ағамыз.

Талай-талай туған жердің төсінде, Ағамыздың сол бейнесі есімде... Кейін біздер дәріс алдық ағадан, Бас иеміз ҰСТАЗ деген есімге...

Тау тұлғаның ұзақ болмай тұғыры, Тіршіліктің тез айналып шығыры, Жетпіс жасқа жетпей «сонша асығып», Марқасқаның қысқа болды-ау ғұмыры.

қызметке ауысады. 1964 жылдан бастап өмірінің соңына дейін осы мектептің директоры болды. Әуесхан мектептегі өріптестері Алданазаров Сақыбек, Жүсіпов Аймахан, Үсенов Бодық, Дүйсебаев Қайырбек, Сәрсекөв



Ол 1954 жылы Жүсіпқызы Айжамалмен отбасын құрып, өмірге үлгілі ұрпақ әкелді. Жеңеміз Айжамал ұзақ жыл кеңестік сауда саласында адал қызмет атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты. 2023 жылы өмірден өтті. Ал, Әуесхан ағамның өзі 1981 жылы өмірден тым ерте өткен еді. Иә, жазмыштан озмыш жоқ. Сүйікті ұлы Әлішер – Төтенше жағдайлар комитетінде басшылық қызметте болып, құрметті демалысқа шыққан әскери шенді доғарыстағы полковник. Маржанкүл келін екеуі өмірге үлгілі ұрпақ әкелген өнегелі отбасы. Әуесхан ағайдың немерелері жоғарлы білімді азаматтар. Бәрі де әр салада жауапты қызмет атқаруда.

Мен Әуесхан ағайдан дәріс алып, тәлім-тәрбиесінде болған адаммын. Мандайға сыймай кеткен марқасқа ағамның шәкірттеріне деген жан шауғын ауызбен айтып жеткізу қиын. Мынау төрт шумақ өлеңді өзіңнің рухыңа арнадым, аяулы аға!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ ҚР ІІМ-нің Еңбек және Құрметті ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚАРЫЗЫ ҮШІН ТӘН АУРУЫНА ҰШЫРАТТЫ

Жалағаш аудандық сотында Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 109-1-бабы 1-бөлігімен айыпталған азаматша А-нің қылмыстық ісі қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, сотталушы А. 2025 жылғы 17 маусымда Жалағаш кентінде орналасқан сауда орнында тұрып, өзіне қаршы бар жәбірленуші Т-ны кездестіріп, оған қарызынды қайтар дегенде араларында жанжал туындап, күш қолданып оң қолымен жәбірленушіні бірнеше рет жұлқылап, төменнен жоғарыға қарай сілкіп тартып, денсаулыққа жеңіл зиян келтірмей, тән ауруына ұшыратқан.

Сотта қорғаушы, сотталушымен жәбірленушінің өзара медиация тәртібімен келісімге келгенін айтып, істі тоқтатуды сұрап, сотталушы мен жәбірленушінің арасында жасакталған медиациялық келісімді сотқа ұсынды.

Басты сот талқылауында сотталушы кінәсін мойындап, жәбірленушімен медиация тәртібімен татуласқандықтан істі тоқтатып, өзін қылмыстық жауаптылықтан босатуды сұрады. Жәбірленуші Т., сотталушы екеуі медиация тәртібімен татуласқанын, оған қоятын талап-тілегінің жоқтығын, кешірім беретінін, істі тоқтатуды сұрады.

Сот қаулысымен ҚК-нің 109-1-бабының 1-бөлігімен айыпталған А., жәбірленушімен медиация арқылы татуласуына байланысты осы Кодекстің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық іс өндірістен тоқтатылды.

Жалағаш аудандық соты

ТАТУЛАСЫП, БОСАТЫЛДЫ

Қызылорда қаласының №2 сотында ҚК-нің 108-1-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықты жасаған азамат Н.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

Кешкі уақытта сотталушы Н. мас күйінде өзінің тұрғылықты мекенжайына келген кезде, үй алдында отырған жұбайы мен кемелетке толмаған баласын көріп, оларды себесіз түрде үйге кіруге мәжбүрлеген. Пәтер ішінде баласына балағат сөздер айтып, жұбайының ескертуіне ашуланған сотталушы оны бірнеше рет бет тұсынан ұрып, шашынан жұлқылаған. Жәбірленуші бөлмеден шығуға талпынған сәтте, сотталушы оның арқа тұсынан теуіп, денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтірген.

Сотталушының қылмыстық теріс қылық іс-әрекеттері өзінің мойындауымен қатар, оқиға орнын қарап тексеру хаттамасымен, оған тіркелген фотосуреттермен, сараптама қорытындысымен, жинақталған өзге де құжаттармен дәлелденген.

Басты сот талқылауында сотталушы Н. тағылған айыпты толық мойындап, жәбірленуші

мен медиатор арқылы өзара ымыраға келіп, татуласып, келісімге келгендерін, істі медиация тәртібімен тоқтатуды сұрады.

Сот қаулысымен сотталушы Қазақстан Республикасының ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігінің талабына сай жәбірленушімен медиация тәртібімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық іс өндірістен тоқтатылған.

Қызылорда қаласының №2 соты

МЕДИАЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

Медиация күніне орай Байқоңыр қалалық сотының төрағасы Ж.А.Үсен медиаторлармен, ақсақалдар кеңесінің мүшелерімен және адвокаттармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында қоғамдағы дау-дамайларды сотқа дейін шешудің маңыздылығы, медиация институтының рөлі және оны одан әрі дамыту жолдары талқыланды. Сот төрағасы медиацияны насихаттауда қоғам белсенділерінің, әсіресе өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдардың орны ерекше екенін атап өтті.

Іс-шарада азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы дауды сотқа жеткізбей шешу жолдары сөз болды. Адвокаттар тарапынан медиацияны тәжірибеде қолданудағы өзекті мәселелер мен ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар, медиаторлар мен ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне және адвокаттарға қоғамдағы татуласу рәсімдерін дамытуға қосқан үлесі үшін сот төрағасы Ж.Үсен Алғыс хаттарды табыстады.

Кездесуді қорытындылай келе, қатысушылар медиация мәдениетін қалыптастыруда өзара ынтымақтастықты жалғастыру қажеттілігін атап өтті.

Байқоңыр қалалық соты

МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Байқоңыр қалалық сотына талап қоюшы А.жауапкер К.-дан баласы үш жасқа толғанға дейін жұбайын күтіп-бағу үшін10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алимент өндіру туралы талап қоюмен жүгінді.

Тараптарға дауды татуластыру рәсімдерінің көмегімен реттеу жөніндегі құқықтары түсіндірілді. Нәтижесінде, тараптар медиациялық келісімге келді.

Медиациялық келісімнің шарттары бойынша, жауапкер К. талап қоюшы А.-ға ай сайын 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алимент төлеп тұруға міндеттенді.

Сот ұйғарымымен тараптар арасында медиациялық келісім бекітіліп, іс жүргізу тоқтатылды.

Байқоңыр қалалық соты

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен жауаптары үшін редакция менің бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

- банкоматтар мен мультикассалар орнатуға арналған алаңдар беру;
- Ұлттық почта операторының ауылдарда, ауылдық округтерде қызметін жүзеге асыру үшін;
- аудандық коммуналдық меншікке жататын және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруына берілген объектілерді беру;
- орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасаған өнім берушілерге үй-жайлар (олардың алаңына қарамастан) мен жабдықтар (олардың құнына қарамастан) мүлктік жалдауға (жалға алуға) беріледі.

Үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдеріне және халыққа қызмет көрсету орталықтарының тендеріндегі үй-жайларды жалдауға (жалға алуға) беру берілетін объектінің ауданына қарамастан тендер негізінде жүргізіледі. Сонымен қатар объектілерді мүлктік жалдауға (жалға алуға) беруге екі немесе одан да көп өтінім берілген жағдайда, оларды мүлктік жалдауға (жалға алуға) беру тендер өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Қағидаға сәйкес тұрғын үй емес жайдың 1 шаршы метр үшін жалдау ақысының есеп айыру мөлшері, нысанның орналасқан жерін, құрылыс типін, қолайлылық дәрежесін, аумақтық орналасу коэффициентін, жалдаушының қызмет түрін және жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициенттерді және жылға арналған айлық есептік көрсеткішті ескере отырып бекітіледі. Мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы тұрғын үй емес нысандарды және жабдықтар мен автокөлік құралдарын жалдау ақысының есеп айырысу мөлшері мен мүлктік жалға беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің мөлшері, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрімен бекітілген базалық мөлшерлемесіне сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар ғимараттағы үй-жайлардың бір бөлігін жалдағаны үшін төленетін ақыны есептеу кезінде мүлктік жалдауға (жалға алу) берілген ауданның 25 пайыз мөлшерінде осы аудандарды жалға алушының жалпы пайдаланылымдағы орындарға қолжетімділігі ескеріледі.

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің негізгі міндеттерінің бірі, жалға беру қағидасын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіп берілген, уақытша пайдаланылмай тұрған тұрғын үй емес жайлар мен құрал-жабдықтарды анықтап, оларды жалға беру арқылы бюджетке салықтық емес түсімдерді түсіру. Осы бағытта департамент тұрақты түрде жұмыс жүргізіп келеді.

Н.Қ.ӘБДРӘСІЛ

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің заңды тұлғалармен жұмыс және мүлктік иелену бөлімінің басшысы

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның
мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы
Байланыс және Ақпарат Агенттігінде

тіркеліп
№14611-Г/«7» қараша

2014 жылы куәгері берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі

нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік
орталығында теріліп, беттелді. Газет

Қызылорда қаласындағы
«PRINT» баспаханасында

басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,

А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

МЕРКІЛІКТЕР ҚЫЗЫЛОРДАДАЙ БОЛСАҚ ДЕЙДІ

Жамбыл облысы Меркі ауданының делегациясы Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті. Кездесуге жауапты сала басшылары қатысты. Облыс әкімі өңіраралық байланыстарды арттыруға әрдайым дайын екенін жеткізіп, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге тоқталды.

– «17-19 шілде күндері облысымызға Жамбыл облысы әкімінің орынбасарлары бастаған арнайы делегация келіп, атқарылған жұмыстармен кеңінен танысқан болатын. Бүгін екіжақты байланыстардың жалғасы ретінде Меркі ауданынан келген әріптестерімізбен кездесудеміз.

Біз үшін ауыл, мал шаруашылығы, кәсіпкерлік пен туризм салаларында әріптестік орнатуға мүмкіндік мол.

Дақылдарды егу, ет өнімдерін өндіру бағытында да бірлесіп жұмыс жасауға болады.

«Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірі Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қарқынды дамуда.

Облысымыздың бюджеті 2022 жылы 364 млрд. теңге болса, қазіргі таңда 823 млрд. теңгеден асты. 226 пайызға өсім қалыптасты. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда. Биыл 96 жобаның құрылысына бюджеттен барлығы 166 млрд. 800 млн. теңге қаржы бөлініп, 2022 жылмен салыстырғанда 8 есеге артты. Нәтижесінде құрылыс жұмыстарының көрсеткіші бойынша өңіріміз республикада үздіктер қатарында келеді», - деді Н. Нәлібаев.

Басқосуда Меркі ауданының әкімі Ербол Жиенқұлов көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді. Делегация облыс орталығындағы жаңа әлеуметтік, кәсіпкерлік нысандармен, атқарылған жұмыстармен танысып, бүгін Сырдария ауданы Бесарық, Нағи Илиясов ауылдарына барды.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» ҚЫРКҮЙЕКТЕ ТАБЫСТАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы және құрылыс саласында атқарылған жұмыстар сараланды. Басқосуға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, жауапты сала басшылары, қала және аудан әкімдері мен құрылыс компанияларының басшылары қатысты.

Аймақ басшысы ауқымды жобаларды жүзеге асыру барысында сапаға баса мән беруді тапсырды.

– «Жаңадан пайдалануға берілетін нысандардың өңіріміз үшін маңызы зор. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясындағы мектептердің, 11 мың орындық жаңа стадион мен тұрғын үйлер құрылысының сапасы мен табысталу мерзіміне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Құрал-жабдықтары, жан-жағының абаттандырылуы толық дайын болуы керек», - деді Н.Нәлібаев.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасымен облысымызда 10 мектеп салынып, пайдалануға берілуде. Осыған дейін 6 мектеп іске қосылған. Қалған 4 мектептің 3-еуі, атап айтқанда Қызылорда қаласындағы Арай мөлтек ауданы 1500 орындық, Қызылжарма ауылында 600 орындық және Арал ауданының Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектептер жаңа оқу жылына дейін, тағы 1 мектеп, яғни Қызылорда қаласының СПМК-70 мөлтек ауданындағы 1500 орындық мектеп екінші тоқсанға дейін ел игілігіне табысталады деп күтілуде.

Жас ұрпақтың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыруда бірқатар жұмыстар атқарылуа.

Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. Облыстық бюджеттен бөлінген 5 млрд. 700 млн. теңге қаржыға 9 мектепке 2 900 орындық қосымша ғимарат салынды. Нәтижесінде үш ауысымдық мектеп мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Қызылордадағы «Өнер орталығында» Спорт күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, Олимпиада ойындары мен Әлем чемпионаттарының жеңімпаздары Ермахан Ыбырайымов, Бақыт Сәрсекбаев, Елдос Сметов, Болат Жұмаділов, Нұрбақыт Теңізбаев, Әділбек Ниязымбетов, Ислам Байрамұков, Серік Елеуов, Қамшыбек Қоңқабаев, Мерей Ақшалов, Біржан Жақыпов, облыстық құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері, сала ардагерлері арнайы қатысты.

ЧЕМПИОНДАР ЖИНАЛДЫ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, спорт саласындағы бастамалар мен жетістіктерді атап өтті.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан спорт державасы болуға тиіс. Сол үшін біз маңызды спорт нысандарын салып жатырмыз. Халықтың спортқа деген қызығушылығын арттыру – біздің ортақ міндетіміз» - деп, спорт инфрақұрылымын, соның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салуға тапсырма берген болатын.

Президентіміздің тапсырмасын орындау мақсатында өңірімізде спорт инфрақұрылымын дамытуға, бұқаралық спортпен шұғылданушылар санын арттыруға басымдық берілуде.

Қазіргі таңда аймағымызда 340 мыңнан астам тұрғын спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Бұл - өңір халқының 40 пайызы. Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлайтын 33 спорт мекемесі жұмыс істейді. Соңғы 3 жылда 20 спорт кешені пайдалануға берілді. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді

мекендерде тағы 6 спорт кешені ел игілігіне табысталады.

Сыр өңірінің спортшылары әлемдік додалар мен ел біріншіліктерінде әрдайым жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің атын әлемге танытуда. Алдағы уақытта да аймақ спортының дамуына аянбай атсалысып, жаңа белестерді бағындыра береді деп сенемін. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін!Мереке құтты болсын!», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекелік шарада салауатты өмір салтын қалыптастыруға, бұқаралық спортты дамытуға сүбелі үлесін қосқан сала мамандары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Концертте үрмелі аспаптар оркестрі халық әндеріне импровизация жасады, эстрада әншісі Бағлан Әбдірайымов ән шыққады.

Сыр өңірінің спортшылары халықаралық аренада көк туымызды көкке көтеріп келеді. Жыл басынан бері Әлем, Азия чемпионаттарынан 36 алтын, 22 күміс, 42 қола медаль жеңіп алды.

Ел біріншіліктерінен 118 алтын, 103 күміс, 151 қола медальға қол жеткізді.

«ДОСТЫҚ ҮЙІ» – “ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП” ҚОЛДАУЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге жаңадан бой көтерген “Достық үйінің” құрылыс барысын тексерді.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» қолдауымен 3 млрд. 800 млн. теңгеге жаңадан «Достық үйі» салынуа.

Мердігер мекеме - «Астана Сервис ЛТД» ЖШС, жоба құны 3,5 млрд.теңге. Құрылыс биылғы жылдың 11 сәуірінде басталды, бүгінде бірінші және екінші қабаттың колонна-ригельдері құйылып бітті, екінші қабаттың жабын плитасы қойылуда. Цокольді қабаттың ішкі инженерлік желілері, ішкі сылақ жұмыстары, сыртқы инженерлік желілері жүргізілуде. Нысан басында 5 техника, 62 адам жұмысқа жұмылдырылған. Құрылысты қараша айында толық аяқтау жоспарлануда.

Ғимарат ашық кеңістік астында түрлі форумдар, лекциялар, көрмелер, концерттер және т.б. іс-шараларды өткізуге арналған. Күн сәулесінен



қорғайтын өрнектері бар сәндік панельдермен перфорацияланған. Офис бөлмелері екінші және үшінші қабаттарда орналасады.

Аймақ басшысы құрылысқа қойылатын басты талап сапа екенін атап өтіп, жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

ЖАНУАРЛАР ДИАГНОСТИКАСЫ АУРУ МАЛДЫ УАҚЫТЫЛЫ АНЫҚТАУДА

Қызылорда облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында брифинг берді. Одан белгілі болғанындай облыс бойынша бұрын белгісіз болып келген жануарлар мен адамға ортақ 64 сібір жарасы ауруының 57 көміндісінің орны 2015-2016 жылдары нақтыланған. Нақтыланбаған 7 көміндінің орналасқан орны белгісіздігі туралы тиісті мекеме басшыларынан құралған арнайы комиссия «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС-мен бірлесіп акт жасалып, Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынылды. Осы көмінділер 2024 жылы облыстық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен қайта қалпына келтірілді. Биыл облыстық бюджеттен бөлінген 315,3 млн. теңгеге 6 түрлі энзоотиялық ауруларға 799,4 мың доза препараттар толық алынды.

Бекітілген жоспарға сәйкес екіле толық етілуде. Аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы зерттеуге алынған қан сынамалары

мен патологиялық материалдар ветеринариялық зертханаларда зерттеледі. Оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы бруцеллез ауруының алдын алу мақсатында биылғы жылы бекітілген жоспарға сәйкес жануарларға диагностикалық тексеру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде 42 бас мүйізді ірі қара, 28 бас уақ мал ауру болып анықталып, ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес уақытылы санитарлық сойылған. Қазіргі күні облыс көлемінде аса қауіпті аурулар тіркелмей эпизоотиялық жағдай тұрақты сақталуда. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп, ақпараттық жүйеге енгізіліп отыр.

Жыл басынан жоспарға сәйкес 330,0 мың бас бірдейлендіріліп, ақпараттық жүйеге енгізілді. 2025 жылдың 1 тамызына ақпараттық жүйеде 1560,2 мың бас ауыл шаруашылығы жануарлары тіркелген.

ҚОНЫС ТОЙЫ КӨП ҚАЛА

Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қала аумағында бой көтерген 5 қабатты тұрғын үй кезекте тұрған отбасыларға табысталды. Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы өз құттықтауында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталды.

– «Биыл ұлтымыздың тарихи қазақ атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елі астанасы болғанының 100 жылдығы кең көлемде атап өтілуде. Мерейлі жыл аясында аймағымызда саулеті келіскен, өсем де заманауи ғимараттар бой көтеріп келеді.

Бұл - жыл сайын тамыздың екінші жексенбісінде кәсіби мерекелерін атап өтетін құршы қолды құрылысшыларымыздың қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналды.

Аймағымызда тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағыт-

талған бірқатар маңызды ірі инфрақұрылымдық жобалар бар.

Облыс бойынша 96 жобаның құрылысы жүруде.

Жақында балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы өз жұмысын бастады.

Физико-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараттары ел игілігіне пайдалануға берілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі салтанатты түрде ашылды.

Президентіміздің қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион, «Қазақстан халқына» қорының демалушылығымен құны 2 млрд. 900 млн. теңге болатын мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүруде. Сыр жұртшылығы асыға күткен нысандар алдағы қыркүйек айында ашылады.

Облыс орталығында көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешені, Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен

жаңадан «Достық үйі» бой көтеруде.

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында облыс орталығының озық сәулеттік үлгісін қалыптастырып, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын, саябақтар мен мәдени-демалыс орындарды абаттандырамыз. Орталық алаң қайта жаңғыртудан өтті. Қазіргі таңда шаһардағы Президент саябағында, Қорқыт Ата мемориалды аясында қызу жұмыс қарқын алған. Жаздың басында қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркі ашылды. Алдағы уақытта облыс орталығындағы 50-ге жуық парк, сквер, аллеяларды кезек-кезеңімен жаңғыртамыз.

Баспаналы болу әрбір отбасыны жақсылыққа жетелейді. Жаңа баспаналарымыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, ішіндегі әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде Наурызбай Байқадамов жаңа пәтер иелерін құттықтап, қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов бата берді. Сонымен қатар тұрғын үйді салған мамандар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Соңғы үш жылда облысымызда қаржыландырудың барлық көздерінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, жалғыз баспанасыз апатты деп танылған азаматтарға 5 мыңнан аса пәтер сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тобын тойлады. Барлық аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ға жуық пәтер иелеріне табысталды.

Биыл тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 3 800 дайын пәтерді сатып алуға бюджеттен қаржы бөлінді. Қаржыландырудың барлық көздерінен 870 мың шаршы метр тұрғын үй беріледі.

Қызылорда қаласының өзінде соңғы үш жылда тұрғын үй құрылысы мен пәтер сатып алуға 64 млрд. 97 млн. теңге қаралып, 5 600 пәтер табысталды. Биыл жыл соңына дейін 3 мыңға жуық пәтер беру көзделген.

Адамдарды күнде көріп жүргеннен кейін, өмір осылай өте береді. Бәріміз бірге жүрміз ғой деп азаматтың қоғамдағы тұлғасына, салмағына мән бере бермейтініміз шындық. Тіршілік ету аясының тынымсыз қозғалысында бір жан, жай туралы тиянақты ой қорыту тек бұл фәни дүниеден өткесін ғана ол пендеге баға беруге тырысамыз, ой толғаймыз. Күні кешегі замандас бейнесін көз алдымызға елестетіп, сағыныш сезіміне жол беретініміз анық.

Біздер өмір сүріп жатқан қазіргі қоғам ата-бабаларымыздың арман тілегінің орындалған кезі деп те айтып келеміз. Философияның тілімен сөйлеп, ой қорытсақ «...Бекерге шығаруды бекерге шығару...» заңдылығы. Заман ырғағына қарай ұйысатынымыз да сондықтан болар. Аға ұрпақ өмір кешкен жиырмасыншы ғасыр адамзат тарихында ерекше орын алатыны сөзсіз. Сол кезеңде адамзат пендесі адам болып туғаннан кейін барлығы бірдей тең өмір сүруге, материалдық игіліктерді бірдей бөлісуге құқылы деген идеяны басшылыққа алғанымыз шындық. Ал, сол материалдық игіліктерді қалай жасауымыз керек, қоғамның әрбір мүшесінің қосар үлесі қалай болуы керек? Осыларға жауап іздеген кезде әрбір адамның потенциалды мүмкіндіктерін іске қосудың негізгі шартын анықтап алу мақсаты тұрады...

Өзім үшін Шиелі ауданында жиырма жылға жуық қызмет жасап, ел тануыма, өмірлік көзқарас қалыптастыруыма негіз қалаған Орынбасар Биімбетұлы Бәйімбетовпен қоян-қолтық он жыл бірге аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, әрі аудандық атқару комитетінің мүшесі ретінде жұмыс жасауым ерекше кезеңдер болды десем артық айтқандық емес.

Біздің бұл ауданға келу қарсаңымызда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ғадур Мұхамбетжанов көрші аудан Жаңақорғанға сондай қызметке ауысыпты. Аудандағы саяси да, қарапайым ортаның әңгімесінің төркіні енді кім бірінші басшы болатынының айналасында екені даусыз. Бұл қызметке қырық жастағы жас жігіт, Социалистік Еңбек ері, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, көп салалы облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы болып істеген, бұл қызметтердің алдында Жаңақорған ауданында бас мал дәрігері, аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Сырдария ауданының «Бірінші май» совхозының директоры қызметтерін абыройлы атқарған Орынбасар Бәйімбетов келейін деп жатыр деген әңгіменің үстінен түстік. Оның қызмет жолын сараптамадан өткізсек өмір мектебінің барлық сатысынан өткен, елге танымал тұлға болып қалыптасып үлгерген, Сыр бойының да, республикалық деңгейдегі саяси ортаның да белсенді ойыншысы бола білген кадр екен деген ойда болғанымыз шындық еді. 1973 жылдың 1 желтоқсаны күні аудандық комсомол конференциясында мені бірінші хатшылыққа сайлады.

Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы С.Н.Танекеевтің тапсырмасына сәйкес Шиелі ауданында қалыптасқан жағдайдан шығу мақсатында менің кандидатурамды табан астынан ұсынғандарын конференция алдында ғана білдім. Міне осы кезден бастап О.Бәйімбетовпен бірге аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде дамылсыз жұмыс істеу, іздену кезеңі басталды.

Менің өмірбаяныма толық қанық ол алғашқы күннен бастап ауданның ауылшаруашылығы саласымен жете танысуға зор мүмкіншілік жасады. Әуелі Сырдария кеңшарында партиялық тапсырма - аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде өкілдік қызметке қосты. Кеңшар директоры облысқа белгілі азамат Әбубәкір Теміров ағамыз еді. Өмірдің ащы, тұщысын көрген барлық деңгейдегі басшылық қызметтерде болған, Қазалы ауданында өндірістік

басқарма басшысы, Шиелі ауданында ауылшаруашылығы өндіріс басқармасының бастығы орынбасарлығы қызметінде, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Жаңақорған аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс жасаған азулы басшы. О.Бәйімбетов ол кісіні жақсы сыйлайды, әрі бір-біріне түсіністікпен қарайтынын сеземін.

Енді бірде Қазақстанның 30 жылдығы кеңшарының директоры Өмірхан Жәрімбетов ағамен жұмыс істеуге тапсырмалар беріліп жатты. Әрбір берілген тапсырманы мұлткіз орындауға талпыныс жасаймын, әрі шаруашылықтардағы болып жатқан жетістіктері мен олқылықтарын да боямасыз баяндаймын. Бұл жерде өсек, әңгіме айту арқылы емес, мәселені шешуге қатысты келегі мәселелер қозғалатын-

ды. Бәйімбетов болса мұқият тыңдап, мәселелерді шешуді шұғыл түрде жауапты мекеме басшыларына тапсыратын. Шынын айтқанда өзімді сенімді серігі санадым. Ол кісі де солай бағалайтынын білемін де. Уақыт өтіп жатты. Комсомол қызметіндегі жасымыз да шектеулі шекке жеткен, 28 жас. Ал менің жасым 29-да. Көп ойланды. Байқаймын басқа жаққа жібергісі де жоқ. Облыстық партия комитетімен де ақылдасып жүргенін



сеземін.

Сонымен ұзын сөздің қысқасы мені аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне нұсқаушылыққа бекітті. Аудандық активте партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісінің орынбасары деп те хабарлама жасады. Бұл мен үшін абырой, қосымша жауапкершілік жүктеді. Бәйімбетовтің талапшылдығы ерекше болатын-ды. Шаруаның қыр-сырын жетік білетін, жалықпай шаруашылық аралайтын. Ол кісінің алдында есеп беруге келген әрбір шаруашылық басшысы үлкен дайындықпен келуге тырысатын. Кейде өзінің қасына ертіп алып та шығып, менің пікірлерімді тыңдайтын. Бұл кісінің маған деген үлкен сенімінің қалыптаса бастағанын да білдім. Шаруаның барлық саласын меңгертуге ықылас танытты. Кадрларды тәрбиелеп, өсірудің арнайы мектебінен өтіп жатқанымыз сезіндім.

Жаңалық атаулыны қолдау оған тән қасиет еді. Бірде ауданның бірінші басшысына келіп, өз ойымды айттым. Ыбырай Жахаевты осыншалық даңқа бөлеген «Қызылту» колхозының қазіргі «Ыбырай түбегі» деген жерде ешкім білмейді. Сол жер Ыбекенге екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алуына



лығымен айналысатын орталықтарда мал бордақылау комплекстері салынды. Қаракөл өндірудің кешенді жоспарлары жасалып, мал шаруашылығын жүргізудің ғылымға негізделген шаралары жүзеге аса бастады. Бәйігеқұм зонасында көкөніс-бақша өнімдерін өндірумен айналысатын арнайы «Бәйігеқұм» кеңшары құрылды. «Шиелі» Жеміс-жидек» кеңшарының жұмысы бір жүйеге келтірілді. «Жансейіт» елді мекенінде аудандық мал бордақылау арнайы бірлестігі ашылып, мемлекетке ет дайындап өткізу жұмысы жолға қойылды. Ауданда республикалық Ы.Жахаев атындағы күріш өсірудің тәжірибе алмасу мектебі өз жұмысын одан әрі жалғастырды.

Аудан біртұтас ауылшаруашылығы кешеніне айналды. Тынымсыз жұмыс істеу, уақыттың қалай өтіп жатқанына да назар аудармаған

Сүгірбаев, Меңлібай Кенжебаев, Үлімәлік Мырзахметов, Ақылбек Сматов аудандық комитеттің бөлім меңгерушілері болып бекітілсе, Молдабеков Жиенбек ағамыз аудандық мәдениет бөлімін басқаруға жіберілді. Аудандық партия комитетінің нұсқаушылары колхоз-кеңшар партия комитеттерінің хатшылығына жіберіліп, аппарат толығымен жаңа жас кадрлерге толықтырылды.

Уақыт талабына сәйкес көптеген кадрлердің орын ауыстырулары үздіксіз жүргізілді. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрге сай аудан кадрлері басқа аудандарға қызмет бабымен ауысып жатты.

Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет атқарған Жолдасбек Ердешбаев Қазалы аудандық атқару комитетінің төрағалығына ұсынылса, «Қазақстанның 30 жылдығы» кеңшарының директорылық қызметін атқарған Ибаш Байхожин облыстық «Риссовхозстрой» трестіне қарасты кеңшарлар басқармасына басшылық қызметіне ұсынылып,

аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Николай Ким Қызылорда қаласындағы ет комбинатына директор болып тағайындалды. Қызылту колхозының бас агрономы Сейілбек Асқаров Тереңөзек ауданының «XXI партсъезінде» директорылыққа ұсынылды. Ондай ұсыныстар өзімізге де келді. Әрдайым Орынбасар Биімбетұлының келісімімен, қамқорлығымен болып жатқаны айдан анық. Оңаша кездесуде оған "осы демалысқа сіз қалай кетесіз, дәл солай маған облыстық партия комитетінен ұсыныс түседі" деймін. Бірде Тереңөзек аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне меңгерушілікке, екіншіде Ленинск қалалық халықтық бақылау комитетінің төрағалығына ұсыныстар болған-ды, әрдайым қолдау көрсетіп отырды. Бірақ демалыстан келісімен бұл өзгерістерге келісім бермей, жоғары басшылыққа өзі шығып тоқтатып отырды. Оның да себептерін айтатын-ды. Шиелі ауданында жиырма жылға жуық қызмет атқарып, он жыл онымен бірге аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде әріптес болып, кадрлық резервке қалай қойылдым, сол қызметтерді түгелдей атқарып, сенімнен шықтым деп ойлаймын.

Ол мемлекет тарапынан Шиелі ауданында атқарған қызметіне лайықты жоғарғы мадақтаулар иесі атанды. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты да, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мүшесі де болып сайланды. Өзінің өмір жолында абырой биігіне көтерілген Сыр бойының айтулы тұлғасы болып тарих бетінде қалған азамат Жаңақорған ауданының ғасыр адамы да атанды. Өмір өзен сияқты ағып өте шығады, кейінге бұрылып та қарамайды. Өткен шаққа сын айтушылар да табылады, себебі жұрт өзінің көрген-білгенін, естігенін пенде ретінде тұжырым жасап, қабылдайды. Бұл – өмірдің заңдылығы, солай қалыптасқан, өз жалғасын таба беретіні сөзсіз құбылыс.

Орынбасар Биімбетұлы Бәйімбетов ағам туралы естелік жаза отырып, өмір шындығынан алшақтамауға талпыныс жасадым. Себебі бұл жазба өзіме қамқорлық жасаған, әрдайым қолдау көрсеткен, өмірден озған азаматқа ескерткіш ретінде қалдырған ой тұнбасы еді.

Ия, ол батыл шешім қабылдайтын, ауылшаруашылығы саласының білгір маманы, саяси ұйымдастырушысы да бола білген Сыр бойының талантты азаматтарының бірегейі еді...

Сайлаубай ӘБІШЕВ
(бұрынғы Шиелі аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің хатшысы, Ленин атындағы колхоздың төрағасы қызметтерін атқарған).

АХАТОВ ҚОНАҚ КҮТІП ЖҮР...



Қызылорда облысына арнайы жұмыс сапарымен келген Жамбыл облысы Меркі ауданының делегациясын Қызылорда қаласына кіреберісте шаһар басшысы Нұржан Ахатов қарсы алып, қонақтарды бірқатар әлеуметтік, мәдени және спорттық нысандармен таныстырды.

Сапар «Сыр жұлдыздары» инновациялық-шығармашылық академиясынан басталды. Жолай "Президент саябағы" жаңғырту жұмыстары, "Отбасы орталығы", "Достық үйі" ғимараты, «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы және "Өнер орталығы" таныстырылды. Делегация мүшелері қаланың заманауи келбеті мен инфрақұрылымдық жетістіктеріне

жоғары баға беріп, оң пікір білдірді. Қайта жаңғыртудан өткен орталық алаңға барар жолда меймандар «Анаға тағзым» орталығына аялдады. Алаңдағы жаңа сәулеттік шешімдер, жарықтандыру жүйесі және кеңейтілген демалыс аймақтары қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Бұдан кейін жаңарған қалалық мәдениет және демалыс паркіне барып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге жасалған мүмкіндіктерді көрді.

Одан соң делегация Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылын кеңейту жұмыстарын және 11 мың орындық жаңа стадион құрылысының барысын көрді. Қонақтар спорт инфрақұрылымының ауқымдылығы мен сәулеттік үйлесімін

ерекше атап өтті.

Келесі нысандар - жаңа автовокзал, "Қан орталығы" мен физика-математика бағытындағы лицей-интернаты. Меймандар бұл нысандардың өңірдің білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамытудағы рөлін жоғары бағалады.

Сапар соңында облыстық тарихи-өлкетану музейіне барып, Сыр өңірінің бай тарихы мен мәдени мұраларына қанықты. Сондай-ақ "Оқушылар сарайы", "Теннис орталығы", музыкалық колледж ғимараты және дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы таныстырылды. Музей экспозицияларынан өңірдің өткені мен бүгіні жайлы мол мағлұмат алды.

Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек бекеті елді мекендерінде барлығы 629 отбасы тұрады. 2025 жылдың 1 шілдесіне халық саны 3502 адамды құрап отыр. Бюджет және салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарға тоқталып өтсем: 2025 жылы ауылдық округтің бюджеті 723 млн. 125 мың теңгеге жетіп отыр. Салық түсімдерінің жоспары 13 млн. 631 мың теңгеге бекітіліп, 6 ай қорытындысымен 9 млн. 618 мың теңге түсім түсіп, жылдық жоспар 70,5 %-ға орындалды.

2025-ші жылы ауылдық округіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында көптеген маңызды шаралар жүзеге асырылып отыр. Атап айтқанда ауылдық округте экономикалық белсенді халық саны **1756** адамды құрап отыр. Оның ішінде жұмыс жасайтындар **1132** адам болса, өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған **598** адам бар.

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатыстыру арқылы **7** азамат «Күміс жас» бағдарламасымен, **2** азамат жастар тәжірибесімен қамтылды. **17** жұмыссыз адам қоғамдық жұмысқа жіберілсе, **21** азамат тұрақты жұмысқа орналасып, жыл басынан бері жұмыссыздар саны **26** адамды, жұмыссыздық деңгейі **1,5%-ды** құрап отыр.

Мемлекет тарапынан **14** отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалса, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған **47** отбасына азық-түліктей және басқа да қолдау шаралары ұйымдастырылды.

Кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша ауылдық округ бойынша барлығы 197 кәсіпкерлік нысан жұмыс жасайды. Жыл басынан жаңадан 6 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 2 тұрақты жұмыс орны ашылды.

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жыл басынан **2** азаматтың жылқы мал өсіру жобасы қолдау тауып, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы арқылы **20,0 млн.** теңге несиеге қол жеткізді.

Сонымен қатар **2** ауыл тұрғыны **3 млн. 145 мың** теңге қайтарымсыз грант иеленіп, өз кәсіптерін бастады.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 2025 жылы құны **2,0 млн.** теңгені құрайтын **1** жоба қаржыландырылып отыр. Бағдарлама аясында кәсіпкер «Тоқылған және трикотаж шұлық-ұйық бұйымдарын өндіру» жобасын жүзеге асыруда. Қазіргі таңда тігін тігетін тігін

Қызылөзек ауылдық округіннің әкімі С.ӘБДІЖАППАР:

БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢЫ САЛЫНАДЫ

машиналары мен тоқыма бұйымын тоқитын машина сатып алып, қыз жасауын дайындап, тоқыма шұлықтар, қолғап, сыртқы киімдерін шығаруда. 3 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Есепті мерзімде ауылдық округ бойынша барлығы **5** ауыл тұрғыны **25 млн. 145 мың** теңге қаражатқа қол жеткізіп, өз жобаларын жүзеге асыруда.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша үстіміздегі жылы барлығы **476** гектар жерге ауыл шаруашылығы

Одан бөлек жалпы құны **452,1 млн.** теңге, ұзындығы **3,2** шақырымды құрайтын **3 көшеге жол құрылысын** бастауға **2024** жылы **134,0 млн.** теңге қаралса, **2025** жылға Мұхамбетияр Жабағыұлы тұйығының жол құрылысын аяқтауға Ұлттық қордан **91,5 млн.** теңге, қалалық бюджеттен **18,4 млн.** теңге қаралып, аталған көшенің жол құрылысы толық аяқталып отыр.

Қалған екі көшенің жол құрылысын аяқтауға республикалық бюджеттен **181 млн. 800 мың** теңге қаражат алдағы уақытта бөлінеді деп күтілуде.

Осы жұмыстармен қатар, **2025 жылы** «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде облыстық бюджеттен қаралған **326,0 млн.** теңге қаражатқа жалпы ұзындығы **3** шақырымды құрайтын **2 көшеге күрделі жөндеу** жұмысы жүргізіліп пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, жуырма қалалық бюджеттен қаралған **85 млн.** теңге қаражатқа ұзындығы **0,62** шақырымды құрайтын **Айнакөл-1 көшесіне жол құрылысы** салынды. Сонымен қатар үстіміздегі жылдың **3-тоқсанында М.Жабағыұлы көшесіне орташа жөндеу** жоспарланып, бұл жұмысқа облыстық бюджеттен бастапқы **67 млн. 266 мың** теңге қаражаты бөлініп отыр.



бюджеттен **292 млн. 297 мың** теңге қаражат бөлініп, мердігер «N Строй Сервис» ЖШС мекемесі құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде. Құрылыс-монтаж жұмыстарының ұзақтығы **5** айды құрайды.

Ауылдық округті газдандыру мақсатында қалалық бюджеттен қаралған **26 млн. 269 мың теңге** қаражатқа қалалық құрылыс бөлімі арқылы **ауылдық округке қарасты 3 елді мекенді ілеспе газбен қамту** жұмысының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, қазіргі таңда жоба **мемлекеттік сараптамадан** өткізілуде. Мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған соң, жобаны қаржыландыру жөнінде республикалық бюджетке

жеткізіліп, ауыл әкімі аппаратының меншігіндегі жаңа СНПЗ-500/10 электр насостық қондырғысы арқылы Қараөзек елді мекені аяқ сумен толық қамтамасыз етіліп отыр.

Сол сияқты Қараөзек ауылының көшелеріне аяқ су таратып отырған электр насостардың тозуына байланысты өткен жыл соңында қуаты **18,5 кВт** болатын **1** үлкен және **3 кВт** болатын **1** шағын электр насостық қондырғы сатып алынды. Алдағы уақытта көнерген насостардың орнына жаңа насостық қондырғылар орнатылатын болады.

Сондай-ақ ауыл әкімдігі меншігіндегі дизельдік насостық қондырғылар «Сырдария» және «Қараөзек» арналарына орнатылып, Айнакөл және Қараөзек бекеті елді мекендерімен қатар, тұрғындардың егістік жерлеріне аяқ су тұрақты беріліп отыр.

Жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру мақсатында бюджеттен қаралған **3 млн. 920 мың** теңге қаражатқа Қорқыт Ата көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылып, қазіргі таңда барлығы **21** көшенің **18** көшесі түнгі жарықпен қамтылды.

Тұрғындардың сұранысына байланысты жергілікті бюджеттен қаралған **5,0 млн. теңге** қаражатқа Қараөзек бекетінен балалар ойын алаңын салу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілуде.

Жеңістің **80** жылдығы қарсаңында Қараөзек ауылындағы «Тағзым алаңына» ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп, ауласына қала орталығынан босаған брусчаткалар төселді. Алдағы уақытта алаңның қоршауларын жаңарту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар демеушілер есебінен Қараөзек ауылына кіре берісіне елді мекеннің атауы жазылған металл қақпа және бірнеше билборд тұғырлары орнатылып, ауылдан шыққан соғыс және еңбек ардагерлерінің баннерлері ілінді.

Ақсуат ауылдық округі әкімі Нұрболат БАҚЫТОВ:

ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ДАМУЫТАМЫЗ

Ақсуат ауылдық округі бойынша 2025 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстар мен алдағы атқарылатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтетін болсақ, Ақсуат ауылдық округінің халық саны бүгінгі күні **11671** адамға жетті. Оның ішінде экономикалық белсенді халық **4346** адам. Жұмыссыздар саны **24** адам, жұмыспен қамтылғандар саны **3798**, өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар **548**. Зейнеткерлер **947**. Халық саны өткен жылмен салыстырғанда **0,7** пайыздық өсімді құрап отыр.

Өткен жылмен салыстырар болсақ **2024** жылы Ақсуат ауылдық округінің халық саны **10870** адам болды. Оның ішінде экономикалық белсенді халық **4143** адам. Жұмыссыздар саны **24** адам. Жұмыспен қамтылғандар **3581**. Өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар **538**. Зейнеткерлер саны **839**. Жұмыссыздық деңгейі **0,6 %**.

2025 жылдың 6 айындағы бюджет **788** млн. **17** мың **900** теңгені құрап, орындалуы **253** млн. **431** мың **401** теңге, **44,4 %**.

Салық түсімдері **2025** жылға **50** млн. **167** мың теңгеге, негізі **6** айға жоспар **44** млн. **052** мың **200** теңге еді, орындалуы **53** млн. **785** мың **227** теңге болып, **122,0 %**-ға орындалды.

Округте **602-і** шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Оның **18-і заңда тұлға, 524-і дара кәсіпкерлер, 56-сы шаруа қожалықтары.**

Биылғы жылдың 6 айында **11** кәсіпкер **281,0** млн. теңге несие алды. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында **8** кәсіпкер **46,0** млн. теңге несиеге қол жеткізді. **«Даму» қоры арқылы** несие

бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау **1** жоба **200,0** млн. теңгеге қолдау тапты. «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы» микроқаржылық ұйымы арқылы **9,8** млн. теңгені құрайтын ағаш шеберханасы жобасы қолдау алды.

«Бастау Бизнес» курсын **10** адам оқып, сертификат алса, мемлекеттік қайтарымсыз грант бойынша **28,3** млн. теңгені құрайтын **18** жоба қолдау тапты. «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы» микроқаржылық ұйымы арқылы **9,8** млн. теңгені құрайтын ағаш шеберханасы жобасы қолдау алды.

Сонымен қатар Сырдария ауданындағы Бесарық ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бизнес инкубатор жобасын Ақсуат ауылымызда дамыту мақсатында осында шағын өнеркәсіптік – сауда кешені құрылысын салу жоспарлануда.

Округ бойынша **2025** жылдың 6 айында **60** отбасына **16,6** млн. теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Жыл басынан тұрақты жұмысқа **66** адам орналасып, ақылы қоғамдық жұмысқа **33** адам, әлеуметтік жұмыс орындарына **4**, «Жастар практикасына» **9**, Күміс жас бағдарламасына **12** адам тартылды. «Бастау Бизнес» курсын **10** адам оқып сертификат алды.

Ауылымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі жаңадан



Ауылдағы өзекті мәселенің бірі - Қараөзек ауылына кіре берістері **«Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеу** жұмысына қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы облыстық

ұсыныс берілетін болады.

Ауылдық округ аумағы Сырдария өзені деңгейінен биік орналасуына байланысты жаз маусымында аяқ су тапшылығы туындап отырады. Қараөзек елді мекеніне аяқ су жеткізу мақсатында «ДСУ» учаскесіне электр желісі



қоныстанушы тұрғындарды электр жарығымен қамту. Осыған байланысты өткен жылы **32** көшені электр желілерімен қамту мақсатында республикалық бюджеттен бөлінген **74** млн. теңгеге құрылыс жұмыстары бастау алды. Биыл бұл жұмыстарды жалғастыруға **573** млн. **051** мың теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Құрылыс жұмыстары толық аяқталғаннан кейін электр желілерімен қамтылмай қалған **22,5** шақырым болатын жаңадан қоныстанушы тұрғындардың электр желісіне қатысты мәселе шешіледі.

Одан бөлек қоғамдық көліктер қатынайтын басты П.Тлепбаев, А.Найзағараев, Б.Жүсіпбеков, Канал-2 көшелерінде **100** млн. теңгеге жол құрылысы басталды, биыл қалған **616** млн. **756** мың теңгеге жол жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Қазіргі таңда **11** млн. **232** мың теңгеге **1,22** км болатын А.Арысбаев, Орманбаевтар, О.Жакенов көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнату



2024 жылы ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автодәлізі бойындағы ауылдық округтің батыс жақ кіре берісінің 500 метрдей болатын Н.Төребаев көшесі бойына екі қатар 500 ағаш көшеттері егіліп, қоршау жұмыстары жүргізілсе, ағымдағы жылы ауылдың шығыс жақ кіре берісі «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автодәлізі бойына 300 ағаш көшеттері егіліп, қоршау жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар ағаш көшеттерін егу жұмыстарын жалғастыру мақсатында, «Бақыт кілті» қоғамдық қорының демеушілігімен ағаш шарбақтары әзірленді.

Ауыл аумағын тұрмыстық қоқыстардан тазарту жұмыстары «Бірге таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Ауылымыздың іргесінің кеңеюіне байланысты тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигонның орнын ауылдан тыс жерге орналастыру үшін құжаттары әзірленуде.

Ауылда ұлттық спортты дамыту мақсатында арнайы жер телімі белгіленіп, қазіргі таңда құжаттары рәсімделуде.

жұмыстары аяқталды.

Сондай-ақ **1** млрд. **346** млн. теңгеге **18** көшеге жол құрылысын жүргізу және **315,62** млн. теңгеге **4** көшені қайта жаңғырту жұмыстары өтпелі кезеңмен жүргізілетін болады.

Жол құрылысы жүргізілетін **18** көшені атап айтар болсақ: **И.Дауылбаев, М.Бажиев, №3 В, №7 В, №8, №9 В, №15, Ж.Аубакиров, К.Иманбердиева, А.Смайлов (№10), Е.Боранкулов (№11), Ш.Атеев(№14) көшелері бойынша мердігер мекеме «Орда Автодор» ЖШС–мен өтпелі кезеңге келісім шарт жасалды.**

А.Абиев, Жаңа тұрмыс, Қырық байтақ, №10 В, Б.Алимов, Т.Қаратаев көшелері бойынша мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС–мен өтпелі кезеңге келісім шарт жасалды.

Қайта жаңғыртудан өтетін Қ.Үсенбаев, Б.Жонбаев, Байтен және Сарыкөл көшелері. «Қызылорда жолдары» ЖШС–мен өтпелі кезеңге келісім шарт жасалды.

Сонымен қатар жоба құны **145** млн. **801,6** мың теңгеге **7** көшеге түнгі жарық бағаналарын орнату үшін қалалық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы мемлекеттік сатып алу конкурсын жариялау жоспарлануда.

Ауылдық округтегі мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындарға арнайы ауыл сыртынан агроаймаққа жер телімі белгіленіп, құжаттары рәсімделіп, **3** млн. **499,9** мың теңгеге агро аймаққа бөлінген жер учаскесіне қоршау жұмыстары жүргізілді.

“ҮЗДІК АУЛА - 2025” байқауы



- «Күн сайын көркейіп келе жатқан қаламыздың ажары оның тазалығымен де байланысты. Ал, тазалық пен ұқыптылық әрбір адамның туған жеріне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын қажет етеді. Өзге ауалардан оқшауланып, көзге түсер бұл ауланың көркі – бірлігі жарасқан көршілердің еңбегі. Егер әр азамат үй-жайы мен ауласын, көшесін құрметтей білсе, ол жер шынымен де жерұйыққа айналып шыға келер еді», - дейді өз ауаларын көгалдандырып, тал отырғызып, айналасын мұнтаздай таза ұстайтын «Шұғыла» мәлтек ауданы, №27 үйдің тұрғыны Күлзираш Ешпанова.



Күн сайын көркейіп, гүлденіп келе жатқан сүйікті қаламыздың болашағы жарқын болсын! Қызылорда — өнер мен мәдениеттің, білім мен бірліктің бесігі. Қызылордам — сенің дамуыңа әрбір тұрғын үлес қосуға дайын! - дейді “Үздік аула-2025” байқауына қатысушы И.Тоқтыбаев 10 үй тұрғыны Қожахмет Жалғасбайұлы.

КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!



Қызылорда қаласының Сол жағалауында орналасқан жаңа коммуналдық базардан сауда орындары төмен бағада ұсынылады. Негізгі бағыты – азық-түлік өнімдері (ет, сүт, балық, көкөніс). Азық-түлік өнімдерін тиімді сақтау үшін қоймалармен және заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған. Әр кәсіпкерге арнайы сауда үстелі қарастырылған және өнімдерді өңдеуге арналған шағын өндірістік цехтары бар. Мекенжайы: Сол жағалау тұрғын ауданы, жаңа автовокзал маңы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, байланыс телефоны: 8701 100 7110

“Ақжарма” ауыл округі әкімі Саттар ӘБДРЕЕВ:

КӨНЕРГЕН КӨШЕ ЖАРЫҒЫНЫҢ ШАМДАРЫ ЖАҢАРДЫ

Ақжарма ауыл округінің бүгінгі қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, бірқалыпты. Ауылдық округі Баймұрат батыр және Талдыарал елді мекендерінен тұрады. Ауылда 2512 адам мекен етеді. Оның ішінде экономикалық белсенді халық саны 1090 адам, жалпы жер көлемі 7700 га, егістік жер 1700 га, ауыл әкімшілігіне қарасты 902 га. Үй саны 503.

БЮДЖЕТ БОЙЫНША 2025 жылға 4 салық түрлері бойынша 9 млн. 070 мың теңгеге бекітіліп, бірінші жарты-жылдық бойынша салық түсімі 7 млн. 822 мың теңге салық түсіп, 86,2% пайызға орындалды. Жоспар бойынша көлік салығы 5 млн. 500 мың теңге, мүлік салығы 250 мың теңге, жер салығы 1 млн. теңге, жеке табыс салығы 2 млн. 320 мың теңге болып бекітілді. Көлік салығынан 5 млн. 802 мың теңге, мүлік салығынан 40 мың 711 теңге, жер салығынан 265 мың 699 теңге, жеке табыс салығы 1 млн. 531 мың теңгеге орындалып отыр.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША 2025 жылға ӨИҚ арқылы жеңілдетілген несие алуға 1 жыл-жай ашатын жоба, «Ауыл аманаты» бағдарламасына 1 СТО ашуға құжаттар

Ауылдық округте әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтаждарын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы орындармен бірлесіп, шешімін табу бағытында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Атап айтқанда 2025 жылы 6 айда 12 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Жыл сайын әлеуметтік көмек алушы отбасылар саны азайып келеді. Бұл үрдіс азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру және түрлі мемлекеттік бағдарламаға тартуға байланысты.

адамдар. Сондықтан заман талабына сай қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Ауылдық округте 2 орта мектеп, 1 «Ина-Жан» балабақшасы, 1-мектепке дейінгі даярлау тобы, 1 Мәдениет үйі, 2 кітапхана жұмыс жасайды. Ақжарма мәдениет үйінде 5 үйірме,

8 наурыз мейрамына орай мерекелік концерт ұйымдастырылып, жиналған әйелдер қауымына сыйлықтар мен гүл шоқтары таратылып, 70-тен асқан ауылдың аналарына және 9 Мамыр 1 тыл ардагеріне құрмет көрсетіліп түрлі сыйлықтар ұсынылды. 22 наурыз мерекесіне орай ауыл орталығында «Армысың, Өз Наурыз» атты мерекелік шара өтіп, қазақи нақыштағы киіз үйлер тігіліп, қазақи ойындар ойнатылып, дәмді тағамдар таратылып, түрлі сыйлықтар таратылды. Сонымен қатар «Қайырымдылық акциясы» аясында және Рамазан айында жалпы 19 отбасына демеушілер қолдау білдіріп, ет пен азық-түлік себеттері таратылды.

15 қызметкер халыққа қызмет жасайды. Олар «Сыр Орда» вокалды аспапты ансамблі, «Сәулем-ай» әжелер ансамблі, Әуен-ән үйірмесі, «Көркем сөз оқу» үйірмесі, «Мерей» би үйірмесі, «Қолөнер мол – өнер» қолөнер үйірмесі жұмыс атқарады. №9 және №10 кітапханаларда барлығы 35941 кітап қоры және 1355 тұрақты оқырманы бар.

рәсімделіп, несие алуға талаптануда. Баймұрат батыр ауылының жаңадан қалыптасқан көшелеріне тас жол салуға қажетті қаржының 323,3 млн. теңгесі бөлініп, 19 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыстар 90% орындалды. Жоба құны - 372,4 млн. теңге.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Талдыарал елді мекенінің 1 көшесіне көше жарығын орнатуға 3,1 млн. теңгеге мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес хабарлама берілді.

Баймұрат батыр ауылында көнерген көше жарығының 100-ге жуық шамдары ауыстырылды.

Ауылды аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында көше арқылары тазартылды. Көркейту-көгалдандыру айлығында мекемелер сенбілікке шығып, 500 сыр талы мен терек көшеттері отырғызылды, тал ағаштары мезгілінде өктелді.

Қай мемлекеттің де негізі тірегі – білімді де білікті, іскер де, белсенді

АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРҒА ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖОБАЛАР

- Баймұрат батыр ауылына құны 182,0 млн. теңге болатын аяқ су жүйесіне науа (поток) құрылысы жұмыстарына және ұзындығы 3,15 шақырым болатын 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолын (тротуар) жүргізу үшін 73,9 млн. теңгеге ЖСҚ дайындалып, сараптама қорытындысы шығып, республикалық бюджетке өтінім ұсынылды.
- Талдыарал елді мекенінде су тарату насос станциясы (водозабор) құрылысына жеңімпаз «Бақ-Береке» ЖШС-гі анықталып, қазіргі таңда қаржысы күтілуде. Жоба құны 656,9 млн. теңге.
- Демеушілік негізінде жабық спорт кешенін салуға “МКЗ Проект” ЖШС-мен ЖСҚ әзірленуде.
- Баймұрат батыр ауылының шет аймағында жаңадан қалыптасқан 10 көшеге ауыз су құбырларын салуға “AST Group 2030” ЖШС-гі демеушілігімен ЖСҚ дайындалуда.
- Талдыарал елді мекенінің шет аймағында жаңадан қалыптасқан жерлерге электр желілерін жүргізуге «Ер-Қанат Сервис» ЖШС-і құрылыс жұмыстарын аяқтауды міндетіне алып, ағымдағы жылда бітіруді жоспарлауда. Жоба құны - 43,1 млн. теңге.
- Алдағы уақытта ауылдық округте алма бағын өсіру, көшелерді абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына сметалық құжаттарын дайындау жоспарлануда.

Қосшыңырау ауылдық округі әкімі С.АБДУКАДИРОВ:

МАЛ БАСЫ КӨБЕЙДІ

2025 жылы ауылдық округі тұрғындарына «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары арқылы 3 адам жастар практикасымен, 21 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 3 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқуға тартылды.

БЮДЖЕТ ЖӘНЕ САЛЫҚ БАЗАСЫН КЕҢЕЙТУ БОЙЫНША:

2025 жылы ауылдық округтің бюджеті 149,9 млн. теңгеге жоспарланып, 201,7 млн. теңге болып бекітілді.

2025 жылдың I жарты жылдығында салықтық түсімдер 14 758,0 мың теңгеге нақтыланып, 16 207,8 мың теңге орындалды (110%) салықтық емес түсімдер 46 000 теңгеге нақтыланып, 55,6 мың теңге түсті (120%).

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША:

Округте 371 шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде 301 дара кәсіпкерлер, 70 шаураа қосалықтары тіркелген.

Жыл басынан 12 кәсіпкерлік субъекті тіркелді (2024 жылы – 227). Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жыл басынан бері несие портфелі 158 905,0 млн. теңгені құрайтын 20 жоба мақұлданды. Оның ішінде:

Өңірдегі ауыл кәсіпкерлеріне кредит беруді жүзеге асыратын «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» ЖШС-і арқылы «Іскер» бағдарламасымен 1 жоба қаржыландырылды. Жоба құны 9,830 млн. теңге.

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында 10 жоба мақұлданып, 15 728,0 теңгеге қаржыландырылды.

Өзге де бағдарламалар арқылы, мәселен «Аграрлық несие корпорациясы» (17%), «КТ-Сырдария I» ЖШС-і, арқылы 5 жоба 133,5 млн. қаржыландырылды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы пилоттық жобасы аясында 2025 жылға құны 29 млн. құрайтын 5 жоба мақұлданды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БОЙЫНША:

2025 жыл басынан аз қамтылған 24 отбасына 5 855 млн. теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

Ауылдық округтің халық саны 3638 адамды құрайды. Экономикалық белсенді халық саны 1634 адам. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 586 адам. Жұмыссыздар саны 21 адам. Жыл басынан 4 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Ауылдық округі тұрғындарын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде Абай елді мекеніндегі медициналық амбулатория алғашқы көмек беру, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген.

Қосшыңырау ауылдық округінің жалпы жер көлемі – 40322 мың гектар. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатында табысталған жер учаскесінің көлемі – 18,3 мың гектар.

Елді мекен жері 971,0 гектар;

Босалқы жері 22 008 гектар; Егістік жері 3,3 мың гектар; Жайылымдық жері 14,5 мың гектар.

Қосшыңырау ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жерлері бойынша 1579 гектар жерге күріш, 528 гектар жерге ескі жоңышқа және 120 гектар жерге жана жоңышқа, 131 гектар жерге бидай егілді.

Быттыр мал басы саны 15 015 болса, биыл 15 136 бас тіркеліп, мал басы 1%-ға көбейді.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ БОЙЫНША Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Досан елді мекенінде талапқа сай электр қуатымен қамтасыз ету бойынша құрылыс жұмыстары басталды. Жобаның жалпы құны - 339,9 млн. теңге. Электр желілерін тарту бойынша мердігер «Техсервис» ЖШС-мен келісім жасалды. Электр бағаналарын орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, Досан ауылында құны 49,2 млн. теңгеге №2, №12, №7 көшелеріне тас жол төсеу жұмыстарына «Ақнур Авто» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, қазіргі таңда жол жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды.

Алдағы уақытта Қосшыңырау ауылдық округі Абай ауылына I жаттығу алаңы, Абай көшесіне жарық бағандары жүргізілетін болады.

Жалпы, алдағы уақытта ауылдық округіміздегі өзекті мәселелерді қаржы мүмкіндіктеріне қарай кезек-кезеңімен шешуге тиісті шаралар қабылдатын болады.